

Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігі спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Ұлттық және ат спорты түрлері орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның 2017 жылға арналған Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың нәтижесі туралы анықтама

Астана қ.

2018 жылғы 1 ақпан

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрлігі спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Ұлттық және ат спорты түрлері орталығы» Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорында (бұдан әрі - Кәсіпорын) 2017 жыл бойынша Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Кәсіпорында Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін 2018 жылғы 31 қаңтардағы № 01-06/17 бұйрығымен жұмыс тобы құрылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бойынша жұмыс тобымен қызметі барысында Кәсіпорын басшылыққа алатын заңнамалық және номативтік құқықтық актілер, жүйелік құқықтық актілер зерттелді.

Ішкі талдаудың нәтижесі бойынша дискрециялық өкілеттік және сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзушылыққа ықпал ететін нормалар анықталған жоқ.

Кәсіпорынның ұйымдастыру-басқару қызметі барысында 2017 жыл бойынша сыбайлас жемқорлық нәтижесі келесі бағытты қамтыды:

1. Қызметкерлерді басқару: 2017 жылдың 12 айы бойынша штаттық құрам 43 бірлікті құрады, оның ішінде ұйымдастыру-басқару құрамы (ҰБҚ)-12. Ауысу құрады-13 бірлік (қызметкерлердің өтініші бойынша еңбек шартын бұзу). Жұмысқа қабылданды - 46 бірлік. 2017 жыл бойынша тәртіп бұзушылық-1, сыбайлас жемқорлық бойынша бұзушылық анықталған жоқ.

2. Жанжал мүдделі фактілері анықталмады.

3. Кәсіпорын қызметкерлерінің жеке істерінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің «Ақпараттық жүйе» базасынан алынған соттылығы туралы анықтама бар.

4. Тікелей басшылығындағы мемлекеттік лауазымдарды жақын туыстарымен (ата-аналарымен (ата-анасымен), балаларымен,

